

Әдістемелік кеңестің № 3 хаттамасы

Өткізілген күні: «29» н а у р ы з 2026 жыл

Өткізілген орны: ЖК Н. И. Ғайып «Ақбөбек» жекеменшік балабақшасы

Қатысқандар: 10

қызметкер Төраға:

А.Базылбекова

Н Хатшы: Ж.

Балгабаева

Тақырыбы:

«Цифрлық педагогика және оқу жылының қорытындысы»

Күн тәртібі:

1. Өткен әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы туралы.
2. Педагогтердің жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есептері (электрондық форматта).
3. Мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуына талдау (диагностика).

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Әдіскер Ж.Балгабаева

Әдіскер Ж. Балгабаева өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді. Жыл бойы жоспарланған іс-шаралардың толық орындалғаны, цифрлық технологияларды оқу-тәрбие процесіне енгізу жұмыстарының нәтижелері сараланды.

2-мәселе бойынша: Әдіскер Ж.Балгабаева

Педагогтер жылдық жұмыстарын электрондық форматта ұсынды. Есептерде ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижелері, инновациялық әдістерді қолдану тәжірибесі, кәсіби даму, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар, балалардың жетістіктері және электрондық портфолио бойынша ақпараттар қамтылды.

3-мәселе бойынша: Әдіскер Ж.Балгабаева

Әдіскер мамыр айында жүргізілген диагностика қорытындысын таныстырды. Балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейіне талдау жасалып, әр білім беру саласы бойынша қол жеткізілген нәтижелер қарастырылды. Мониторинг қорытындысы

бойынша балалардың даму көрсеткіштерінде оң динамика байқалғаны айтылды.

Педагогтер оқу жылы барысында қолданылған цифрлық технологиялардың тиімділігі туралы пікірлерімен бөлісті. Келесі оқу жылында балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, цифрлық білім беру ресурстарын кеңінен қолдану жөнінде ұсыныстар білдірілді.

ШЕШІМ:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдері толық орындалды деп есептелсін.
2. Педагогтердің жылдық электрондық есептері қанағаттанарлық деп танылып, электрондық портфолиоларға енгізілсін.
3. Мамыр айындағы диагностика қорытындысы назарға алынып, келесі оқу жылына арналған түзету жұмыстарының жоспары әзірленсін.
4. Цифрлық педагогика элементтерін оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолдану жалғастырылсын.
5. Әдістемелік кеңестің қаулысының орындалуын бақылау Ж.Балгабаева әдіскерге жүктелсін.

Төраға
Хатшы



А. Базылбекова

Ж. Балгабаева